



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

На данный момент в Национальной Гвардии Республики Казахстан проходит ряд мероприятий по адаптации военнослужащих срочной службы. В первую очередь с солдатами срочной службы работает психолог, который проводит беседы, тренинги, арт-терапию и многое другое. Психолог помогает адаптироваться к условиям новой жизни в армии.

Список использованных источников

1. Общая психология /Под ред. А.В.Петровского. - М., 1986. – с. 291.
2. Макаренко А. С. Методика организации воспитательного процесса//Соч. в 7 т. Т. 6. - М.:
3. Изд. АПН РСФСР, 1952. - С. 9-102.
4. Ольшанский Д. В. Адаптация социальная//Философский энциклопедический словарь. М. :
5. Сов. энцикл., 1983. - С. 12-13.
6. Ольшанский Д. В. Социальная адаптация личности: структура и механизмы//Личность и
7. общество в условиях совершенствования социализма: Межвуз. сб. научн. трудов/
8. Смоленск, гос. пед. ин-т. Смоленск, 1985. - С. 53-61.
9. Свенцицкий А. Л. Социально-психологические факторы производственной адаптации
10. личности//Социально-психологические проблемы в условиях развитого
11. социалистического общества. М. : Изд. АПН СССР, 1977. - С. 167-168.
12. Снегирева Т. В. Проблема адаптивного поведения в группах разного уровня
13. развития//Социально-психологические проблемы в условиях развитого
14. социалистического общества. М. : Изд. АПН СССР, 1977. - С. 73-75.
15. Шмаров И. В. Управление процессом социальной адаптации//Социально-психологические
16. проблемы руководства и управления коллективами: (науч. сообщ. к симпози.). М.: Изд.
17. АПН СССР, 1974. - С. 117-118.
18. Шубкин В. Н. Некоторые вопросы адаптации молодежи к труду//Социальные исследования. М. : Наука, 1965. - С. 64-66.

УДК 364.694-053-043.86

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ РӨЛІ

Б. Капин

sakura_batina@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар
факультеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Т.Іліпов

Әлемдік даму аренасына қадам басқан кез келген мемлекет өз қоғамының мүшелерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандырып, жаңа биік белестерге қадам басуға әрекет жасайды. Бүгінгі таңда әлеуметтік мемлекет болып табылатын көптеген әлем мемлекеттері үшін әлеуметтік саясаттың айқын басым бағыттарын анықтап, салиқалы әлеуметтік саясат жүргізу, халықты әлеуметтік қорғаудың өзіндік моделін қалыптастыру стратегиялық маңызы бар мәселе болып отыр. Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын анықтау арқылы мемлекет ең алдымен негізгі халықтың қажеттіліктерін анықтап, саясатты сол арнаға бағыттайды. Демек, тиімді тетіктерін табу арқылы қоғамның әр түрлі топтарына, таптарына, әсіресе әлжуаз әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтарын әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз

етеді. Әлеуметтік саясаттың негізі әлеуметтік қорғаудан бастау алса, әлемнің көптеген мемлекеттерінде халықты әлеуметтік қорғаудың модельдері (Скандинавия елдері моделі, Жерорта теңізі елдері моделі, Чилли моделі және т.б.) қалыптасып үлгерді. Осы тұста Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау жүйесінің әлем елдерінің озық тәжірибиесі негізінде өзіндік моделін жасап келеді. Десек те, қоғам түрленіп, нарық құбылып өзгерген сайын Қазақстанның да басқа мемлекеттер сияқты әлеуметтік саясатын жетілдіріп отыруы заңды құбылыс болып отыр[1]. Тарихқа үңілер болсақ, әлеуметтік қорғау ұғымы ең алғаш XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Бұл ұғымды алғаш айтқан неміс философы Гегель еді. 1948 жылғы Адам құқығы туралы дүниежүзілік конвенцияның 22-бабында «Әр адам қоғамның мүшесі ретінде әлеуметтік қамсыздандырылу құқығына ие» делінген. Адамзат дамуының тарихында бұл ұғым түрлі қоғам мүшелерінің қажеттіліктеріне байланысты өзінің негізгі функциясын орындап отырды. Оның астарында қоғам мәдениеті мен дініне негізделген әлеуметтік әділеттілік жатыр. Саяси тарихты талдау барысында көптеген ойшылдардың зерттеу пәні мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасы және мемлекеттің атқаратын қызметі екенің көреміз. Бірқатар ғылыми мектеп өкілдері мемлекеттің құрылудағы басты мақсаты – ол өз тұрғындарының жағдайын жасау деген тұжырымға келді. Платонның айтуы бойынша «кез келген билік, ол билік болғандықтан, өзінің қамқорлығын басқа біреуге емес, тек өзінің бағыныштыларына жасайды», ал «берілген билеуші өзіне тиімдіні емес, бағынушыларына тиімдіні көздейді» делінген болатын[2].

О.Хеффе бойынша, «егер адамзат тұрмысы легитимді сипатта болса, онда ол біріншіден, құқықтық сипатта, екіншіден, құқық әділеттілік сапасында болуы керек, ал үшіншіден, әділетті құқық әділетті мемлекет сипатындағы қоғамдық тәртіппен қорғалуы тиіс» десе[3]. Т.И. Заславская «әлеуметтік саясат» ұғымын тар және кең мағынада қарастырады. Оның түсіндіруінше әлеуметтік саясат барлық халықты емес, оның ішінде мемлекет тарапынан қолдауларды қажет ететін белгілі бір әлеуметтік топтар жатады. «Әлеуметтік саясат» тар мағынада - бұл түрлі себептермен өмірдің қиын жағдайларында күн кешіп, жағдайларын түзеуге шамалары келмейтін қоғамдық топтар мен тұрғындарды қолдауға арналған мемлекеттік іс-шаралар кешені. Ал кең мағынада Т.И. Заславская негіздеуінше, әлеуметтік саясат аса күрделі және ауқымды мақсатты, яғни қоғамдық құрылым мен институттарды социалистік қатынастар орнатуға бағытталады делінген. Әрине, бұл тұжырымның сол уақыт талабына сәйкес идеологиялық астары барын байқаймыз[4]. Сонау кезден, қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қарым-қатынас әр түрлі болғанын білеміз. Ортағасырда мүгедектікті ғұдайдың берген жазасы немесе күшті дуаланудың себебі ретінде қарастырса. Физикалық даму мүмкіндігі кем адамдардан қорқатын болған, олар үнемі қамауда болғандықтан еңбекке араласу деген түсінік оларда болмады. Бірақ, әр уақытта барлық мемлекеттерде діни негізге сүйене отырып мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау, қолдау жүргізіліп отырды. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығы басқа адамдардың құқығымен тең дәрежеде қолдау әлеуметтік саясатта XX ғасырдың басында ғана жүзеге асыра бастады. Көптеген адамдар мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын тең дәрежеде ұстамаса демократияның болмайтындығын түсіне бермеді. Қоғамдық қозғалыстар, ғалымдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар арасынан белсенділер атсалыса отырып қоғамдық ой пікірді өзгертуге тырысты. Осындай түсініктердің негізінде адамдардың пікірлері өзгере бастады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың мүгедектерді қорғаудағы мақсаты - тең қоғамдағы еркіндікті және тең құқылы дәрежені орнату. Мемлекеттің өз азаматтары туралы реттелген, жүйелі қамқорлығы, ең алдымен, сол немесе өзге топтағы халықтың құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты халықаралық стандарттарды мемлекеттік сақтауға дайындығының деңгейін сипаттайтын нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттардан көрінеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заңнамалық тұрғыдан реттеу мәселесі, сондай-ақ оларды іске асыру бойынша мемлекеттің міндеттері аса маңызды, өйткені мұндай адамдардың жағдайы мемлекет тарапынан сенімді кепілдің болуын талап етеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдар мәртебесінің мазмұны мүгедектерді әлеуметтік

қорғаудың қолданыстағы жүйесімен айқындалады. «Әлеуметтік қорғау» термині – бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе ретінде ұғынылады.

Қазақстан Республикасы Ата Заңында «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсеткен[5]. Қазақстанның әлеуметтік қорғау жүйесінің әлемдік стандарттарға жақындауының маңызды қадамы болып Мемлекет басшысының 2008 жылғы желтоқсанда «Біріккен Ұлттар ұйымының «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясына қол қоюы болды. БҰҰ Конвенциясы мүгедектердің құқықтарын қорғауға және ынталандыруға, оларға қатысты кемсітушіліктерді жоюға, олардың жұмыс істеуіне, денсаулықтарын сақтауына, білім алуына және қоғам өміріне толықтай қатысуы, әділеттілікке қол жеткізуі, еркін қозғалуы құқықтарын қамтамасыз етуге және ынталандыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 24-тарауы мүгедектердің еңбегін реттеудің ерекшеліктеріне арналған. Кодекске сәйкес медициналық қорытынды бойынша денсаулық жағдайы еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не оның денсаулығына және (немесе) басқа адамдар еңбегінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік себептері бойынша еңбек шартын жасасудан бас тартуға, мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек жағдайларын өзгертуге тыйым салынады. Бірінші және екінші топтағы мүгедек қызметкерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын ұзақтығы қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді. Сонымен қатар, бірінші және екінші топтағы мүгедек қызметкерлерге ұзақтығы 15 күнтізбелік күннен кем болмайтын қосымша жыл сайынғы төленетін еңбек демалысы беріледі. Сондай-ақ жұмыс істейтін мүгедектерге жұмыс берушінің келісімдерімен, актілерімен, сонымен қатар ұжымдық келісіммен қосымша кепілдіктер берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 156-бабына сәйкес бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерден республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде бір жылдағы табыстары салық салуға жатпайды, яғни олардан жеке табыс салығы ұсталмайды. Мүгедектік адамның физикалық мүмкіндігін шектеп қана қоймай, қазіргі заманғы өмір сүруіне қажетті жұмысқа орналасу, табыс табу мүмкіндіктерін шектейтін аса күрделі құбылыс болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік қамсыздандырудағы мемлекеттік саясат ең алдымен азаматтар жұмыс істеу қабілетінен айрылған жағдайда оларды қаржылық қолдауға бағытталған. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- мүгедектіктің алдын алуға;
- мүгедектерді әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға;
- мүгедектердің қоғаммен етене араласуына бағытталған.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау төмендегі принциптерді ұстана отырып қолдау жасайды:

- заңдылық, ізгілік, адам құқықтарының сақталуы;
- әлеуметтік қорғауға кепілдік берілу, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- мүгедектердің денсаулық сақтауға, білім алуға және қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға басқа азаматтармен қатар қол жеткізуі мен тең құқылы болуы;

–мемлекеттік органдардың мүгедектердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы;

–мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу принциптері негізінде жүргізіледі [6].

Қазақстанда әлеуметтік саясат аясында көрсетіліп келе жатқан әлеуметтік қолдаулар өзіндік нәтижесін беріп жатыр. Себебі, кез-келген қолдауды қажет ететін мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек қолын соза отырып оларды алға итермелеу үлкен игілікті істердің бірі болып табылады. Тәуелсіздік алған жылдардың ішінде мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары бес еседен астам ұлғайған екен. Сонымен бірге бес миллионнан аса біздің азаматтарымыз мемлекеттік әлеуметтік қорғаумен қамтылып отыр. Бұл бүгінгі талданған жүйелер мемлекетіміздегі әлеуметтік саясаттың негізі болған әлеуметтік қорғаудың маңызды бөліктері болып табылады. Қарқындап дамып келе жатқан Қазақстан экономикалық, әлеуметтік саясаты уақыт өткен сайын әлеуметтік салаға тереңінен көңіл бөлері анық.

Қолданылған әдебиет

1. Жұматай И. Қазақстан Республикасында кедейшілікке қарсы күрес, әлеуметтік қорғау, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту – саясатты ізгілендірудің басты бағыты// Саясат-Policy. 2007. № 12. 71 б.
2. Платон. Собр. соч. 6 4 томах. Т. 3.
3. Хеффе О. Политика. Право. Справедливость/ Основоположения критической философии права и государства. Москва/1994.
4. Социальные ориентиры обновления: общество и человек / Под ред. Т.И. Заславской. – М.: Политиздат, 1990.
5. Мемлекеттік атаулы көмек туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2001 жылы 17 шілде
6. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2005 жылы 13 сәуір

УДК 159.9.07

ПОВЫШЕНИЕ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ МОЛОДЁЖИ

Калинина Кристина Олеговна

студентка филиала Омского государственного педагогического университета в г.Таре

Бажук Оксана Владимировна

bajuk141183@mail.ru

к.п.н., доцент кафедры психологии и специального (дефектологического) образования филиала Омского государственного педагогического университета в г.Таре

Формирование познавательной мотивации является ключевой проблемой в образовании, поскольку именно от неё в достаточной степени зависит образовательный результат.

Особенно острым этот вопрос становится в условиях, когда внешние мотивы стали доминировать в образовательной деятельности большого числа школьников и студентов. Отсутствие внутренней мотивации и чрезмерная выраженность внешних мотивов являются характерными чертами современного образования, на что указывают не только преподаватели, но и специальные исследования по проблемам мотивации, как в зарубежной (А. Маслоу, З. Фрейд, Х. Хекхаузен), так и в отечественной науке (Л.И. Божович, А.А. Вербицкий, Е.П. Ильин, А.Н. Леонтьев).

В отношении молодежи выделяются две основные стороны обозначенной проблемы.

Первая сторона состоит в том, что школьники и студенты из года в год демонстрирует негативную динамику изменения учебной мотивации.

Вторая сторона обусловлена перспективностью данной социальной группы для формирования осознанного отношения к выбору профессии.

Теоретический анализ различных концепций позволил уточнить содержательные